

"2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізуді ұйымдастыру туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 сәуірдегі N 121 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 мамырдағы N 158 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 11 мамырда N 10-4-175 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 08 қаңтардағы N 3 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2013.01.08 N 3 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ Заңына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізуді ұйымдастыру туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 сәуірдегі N 121 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылғы 6 сәуірде 10-4-171 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 11 сәуірде "Тұран Қазалы" газетінің N 29 (826) санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазалы ауданындағы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және **қ а м т а м а с ы з е т і л с і н . "**

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазалы ауданы

әкімінің орынбасары Б. Жолтаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

М. ИМАНДОСОВ

К Е Л І С І Л Д І

Қызылорда облысының
денсаулық сақтау басқармасының
"Қазалы аудандық емханасы"
шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорнының бас дәрігері

Қ. Әзіров _____

К Е Л І С І Л Д І

"Қызылорда облысы
Қазалы ауданының қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің

бастығы Б. Шаймерденов _____

К Е Л І С І Л Д І

"Қызылорда облысының
Ішкі істер Департаменті
Қазалы ауданының ішкі істер
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
бастығының міндетін атқарушы

А. Бегалиев _____